

## АННОТАЦИЯ

8D10103 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға үміткер Саусақова Сания Бағланбаевнаның "Қазақстан Республикасында созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын бағалаудың заманауи тәсілдемелері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы

**Ғылыми кеңесшілер:** А.К. Тұрғамбаева, медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Д.М. Имашпаев, PhD докторы.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:** Tarik Asselah, PhD докторы, MD, профессор (Париж: Paris Diderot University).

**Тақырыптың өзектілігі.** Вирустық гепатит әлемдегі денсаулық сақтау саласының маңызды жаһандық проблемаларының бірі болып табылады. 2030 жылға дейін жаңа инфекциялар санының 90% төмендеуіне және өлім-жітімнің 65% азаюына қол жеткізіп, қоғамдық денсаулыққа қауіп ретінде гепатитті мүлдем жою жоспарланды (ДДҰ, 2016).

Вирустық гепатитке көптеп шалдығу проблемасы қоғамдық денсаулық сақтау саласында, оның ішінде Қазақстанда өзекті болып қалуда. Елімізде соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде В вирустық гепатитіне қарсы иммундаудың арқасында ауруға шалдығу 59,8 есеге дейін тұрақты төмендегені байқалады. Алайда оның алғаш анықталған созылмалы түрлерінің артқаны алаңдатпай қоймайды.

Науқастардың диспансерлік есебінің ресми деректері бойынша, бүгінгі таңда Қазақстанда В вирустық гепатитімен ауыратын 57 мыңға жуық адам тіркелген, олардың арасында созылмалы түріне шалдыққандар саны 25 мыңға жуықтаған. В вирустық гепатитінің созылмалы түрлерінің ең көп саны (шамамен 87%) 30 жастан 60 жасқа дейінгі адамдар тобында тіркелген (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, 2020).

Созылмалы В вирустық гепатитімен сырқаттануды зерттеу өзектілігі Қазақстандағы вакцинациялау бағдарламасына қарамастан оң мәнді маркерлердің көптеп анықталуына және асқынулардың (гепатоцеллюлярлық карцинома, бауыр циррозы және т.б.) барған сайын ұлғаюымен байланысты (А.Қонысбекова және т.б., 2017). Сонымен қатар созылмалы вирустық гепатиттің маңызды аспектілеріне олардың адамның әлеуметтік тыныс-тіршілігіне әсері және өмір сүру сапасының нашарлауы жатады (Karacaer Z. және т.б., 2017).

Қосымша айта кететін болсақ, елімізде медициналық қоғамдастық ұзақ уақыт бойы инфекция жұқтыру қаупі жоғары адамдар контингенті арасында В вирустық гепатитін анықтау үшін скрининг-тексерулерді оңтайландыру қажеттілігі туралы мәселелерді қоймай талқылап келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес гепатит скринингі эндемиялық аймақтарды, инфекцияның таралу жолдарын, пациенттерді емдеуге қажетті ресурстарды анықтау үшін жан-жақты қамтылуы тиіс (ДДҰ, 2015).

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйенетін болсақ, науқастардың өмір

сүру сапасын зерттеу, В вирустық гепатитінің салдарын талдау халықтың осы тобының саулығын ойластыру, қолданыстағы және жоспарланған денсаулық сақтау бағдарламаларының, сондай-ақ мемлекет бөлетін қаражаттың тиімділігін бағалау үшін маңызды.

### **Зерттеу мақсаты**

Созылмалы В гепатитінің ауыртпалығын бағалау және созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын бағалау тәсілдерін әзірлеу.

### **Зерттеу міндеттері**

1. Созылмалы В гепатиті бар науқастардың медициналық-әлеуметтік мінездемесімен танысу.

2. Емдеу процесінде созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын бағалау.

3. Созылмалы В гепатитінің әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығын анықтау.

4. Өмір сүру сапасын оңтайландыру және созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастарды анықтау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

1. Әдебиет көздеріне мета-талдау жасау. PubMed, Medline, ProQuest ғылыми халықаралық кітапхана жүйелерінде жарияланған зерттеулердің деректері, Cochrane, Clinicaltrials.gov және Web of Science сияқты бақылаудағы зерттеулердің орталық тіркелімі талданды. PRISMA халықаралық ұсынымдарына сәйкес обсервациялық зерттеулерге мета-талдау жүргізілді.

2. Созылмалы В вирустық гепатиті бар науқастардың медициналық-әлеуметтік мінездемесімен танысу. Негізгі әдісі ретроспективалық зерттеу болып табылады. Зерттеу материалдары ретінде 2003-2021 жылдар аралығында гепатология орталықтарының Д-есебінде тұрған пациенттердің сырқаттану тарихы қарастырылды. Науқастардың жыныс-жас құрылымы, клиникалық-демографиялық мінездемесі, тәуекел факторлары, зертханалық деректер бағаланды.

3. Емдеу процесінде созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын зерттеу. Негізгі әдіс сауалнама болды. SF-36 және EQ-5D-5L стандартталған сауалнамалары да пайдаланылды.

Жоспарлау кезеңінде іріктеме көлемі есептеледі (N.Fox әдістемесі бойынша). Іріктеме жиынтығының көлемін ескере отырып, зерттеуге 18 бен 83 жас аралығындағы 239 пациентті қатыстыру көзделді.

Байланысты/тәуелділікті бағалау үшін регрессиялық талдау қолданылды. Басымдыққа ие әсерін көрсететін домендерді зерттеу мақсатында ANOVA дисперсиялық көпфакторлы талдау жүргізілді. ROC талдау моделі құрылды.

4. Созылмалы В вирустық гепатиті бар науқастардың әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығын зерттеу. Зерттеу материалдарына бауырдың ауыр асқынулары байқалмаған немесе вирусқа қарсы терапия стратегияларының біріне негізделген вирусқа қарсы терапия алған бауыр циррозының өтемделген түрі кездесетін, созылмалы В гепатиті бар пациенттердің сырқаттану тарихы

алынды. Экономикалық тиімділікті бағалау үшін экономикалық тиімділіктің төменгі шегін ескере отырып, құндағы айырманы бөлу арқылы стратегиялар арасындағы әсер айырмасын бағалау үшін күтілетін денсаулық сақтау саласы үшін таза пайдасы есептелді.

5. Өмір сүру сапасын оңтайландыру және созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастарды анықтау бойынша ұсынымдар әзірлеу. Кросс-секциялық зерттеу аясында сұлулық саласы қызметкерлерінің В вирустық гепатиті (103 қатысушы) туралы хабардарлығын анықтау үшін сауалнама әзірленді. Сондай-ақ Қазақстанның дені сау халқы арасында вирустық В гепатитінің анти-НВscore маркерінің таралуы зерттелді және В гепатитінің оң серологиялық маркерлерінің 18-66 жас аралығындағы қан донорлары болып табылатын 5709 қазақстандықтың тәуекел және мінез-құлық факторларымен өзара байланысы зерттелді.

### **Ғылыми жаңалығы**

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында алғаш рет:

1. Өмір сүру сапасына жүргізілген мета-талдау нәтижесінде созылмалы В гепатитінің пациенттердің физикалық және психикалық жай-күйіне теріс әсері дәлелденді.

2. Созылмалы В гепатиті бар пациенттердің медициналық-әлеуметтік мінездемесі анықталды: орта жастағы, некедегі, жоғары білімі бар, еңбек қызметімен айналысатын, анамнезде тыныс алу және ас қорыту органдарының созылмалы аурулары кездесетін, ауру басталғанға дейін хирургиялық және стоматологиялық клиникаларда емделген, сондай-ақ косметикалық ем шаралардан өткен, бала күнінде А вирустық гепатитімен ауырған адамдар болып табылады.

3. Емдеу процесінде созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасы бағаланып, пациенттердің өмір сапасының өзгеруіне барынша әсер ететін факторлар (аурудың ұзақтығы, науқастың әлеуметтік жағдайы, вирусқа қарсы емдеу түрі) анықталды.

4. Аурудың әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы анықталды. Вирусқа қарсы озық технологиялық терапия препараттарын қолданған жағдайда емдеу тиімділігі құнының бастапқы мәні QALY үшін 2000 доллардан асады.

5. Өмір сүру сапасын оңтайландыру және созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастарды анықтау бойынша ғылыми негізделген заманауи ұсынымдар берілді.

### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

Жұмыстың практикалық маңыздылығы денсаулық сақтау саласы менеджерлерінің Қазақстан Республикасында созылмалы В гепатитінің алдын алу, диагностикалау және емдеудің тиімді бағдарламаларын әзірлеу үшін осы зерттеу шеңберінде ұсынылған нәтижелерді/тұжырымдарды/ұсынымдарды пайдалана білуімен байланысты.

Жүргізілген талдау мен зерттеу нәтижелері "Қазақстан Республикасында созылмалы В гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарында

баяндалды, "Донорларды медициналық куәландыруға, медициналық қолдану үшін қан өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпсіздік пен сапаға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің №113 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды (ҚР ДСМ Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының Ғылыми кеңесінің 24.04.2022 ж. №3 хаттамасы).

### **Зерттеудің теориялық маңыздылығы**

Жұмыстың теориялық маңыздылығы Қазақстан Республикасындағы созылмалы В гепатитінің медициналық, әлеуметтік және экономикалық заманауи аспектілерін түсіндіруге қосқан үлесімен айқындалады.

Зерттеуде созылмалы В гепатиті бар науқастардың өмір сүру сапасына баса назар аударылып, аурудың пациенттердің әл-ауқатына әсері туралы білімнің қолданыстағы көлемі толықтырылады. Созылмалы вирустық В гепатитімен ауыратын науқастарды анықтауды оңтайландыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу осы ауруға скрининг пен диагностика жүргізудің тиімді стратегияларын әзірлеуге, емді уақтылы бастауға ықпал етеді, бұл өз кезегінде асқынуға жол бермей, пациенттерді емдеу құнын төмендетуі мүмкін.

Нақты материал Вирустық гепатитке қарсы күрестің жол картасы мен Ұлттық жоспарын әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар тұжырымдар мен ұсынымдар дәрістер мен практикалық (кейс) тапсырмаларды құрастыру кезінде оқу процесінде пайдаланылуы мүмкін.

### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар**

1. Созылмалы В гепатитімен ауыратын пациенттердің медициналық-әлеуметтік мінездемесі келесідей: орта жастағы, некедегі, жоғары білімі бар, еңбек қызметімен айналысатын, анамнезде тыныс алу және ас қорыту органдарының созылмалы аурулары кездесетін, ауру басталғанға дейін хирургиялық және стоматологиялық клиникаларда емделген, сондай-ақ косметикалық емшаралардан өткен, балалық шақта А вирустық гепатитімен ауырған адамдар болып табылады.

2. Емдеу процесінде созылмалы вирустық В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасы олардың жынысы мен жасына тәуелді болған жоқ. Емдеу процесінде пациенттердің өмір сүру сапасының нашарлауы еңбекке жарамдылықтың төмендеуінен, өзіне-өзі қызмет көрсетудің, қозғалғыштықтың нашарлауынан, күнделікті ауырсыну мен жайсыздықтың, депрессияға бейімділіктің пайда болуынан байқалды.

3. Созылмалы вирустық В гепатитін емдеудің әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы мемлекет бюджеті үшін қымбатқа түседі, ал вирусқа қарсы озық технологиялық терапия препараттарын қолданған жағдайда емдеу тиімділігі құнының бастапқы мәні QALY үшін 2000 доллардан асады.

4. Созылмалы вирустық В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын бағалау тәсілдерін әзірлеу мен іске асырудың маңыздылығы пациенттердің оңтайлы денсаулығына кепілдік беруге және осы аурудың әлеуметтік-экономикалық және психологиялық салдарын жеңілдетуге

байланысты пациенттердің осы тобының жалпы әл-ауқатын арттыруда іргелі және маңызды рөл атқарады.

### **Диссертацияны апробациялау**

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелерінің назарға ұсынылуы:

1. Студенттер мен жас ғалымдарға арналған "Сақтандыру медицинасы. Ғылым және білім" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Нұр-Сұлтан: "Астана медицина университеті" КЕАҚ, 2020 жылғы 21-22 желтоқсан).
2. "Заманауи ғылым. Ғылыми зерттеулерді басқару және стандарттары" халықаралық онлайн-конференциясы (Прага, 2021 жылғы 22-23 сәуір).
3. Студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Нұр-Сұлтан: "Астана медицина университеті" КЕАҚ, 2021 жылғы 09-10 желтоқсан).
4. 5<sup>th</sup> Global Public Health Conference – GLOBENEAL 2022 «Future of Global Health in changing world» (Shri-Lanka, 24<sup>th</sup>-25<sup>th</sup> February 2022).
5. 6<sup>th</sup> Global Public Health Conference – GLOBENEAL 2023 «Building Bridges for Future Public Health Preparedness and Response» (Shri-Lanka, 2023 – 23<sup>rd</sup>-25<sup>th</sup> February).

### **Диссертанттың жеке үлесі**

Материалды дербес түрде жинады, өңірлерде пациенттерге сауалнама жүргізді, НҚА мазмұнына өзгерістер енгізу үшін ұсыныстар әзірлеуге қатысты.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша әдеби деректерді дербес түрде жинады, алынған мәліметтерге талдау және қорыту, оларға статистикалық өңдеу жүргізді.

Әдістемелік ұсынымдар жасақтауға қатысты. Автордың жұмысқа қосқан үлесі ғылыми журналдарда жарияланып, диссертациялық жұмыс мәселелері бойынша ғылыми конференцияларға қатысу арқылы расталды.

### **Практикаға енгізілуі**

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері келесі ұйымдарда тәжірибеге енгізілді:

1. Астана қ. "Отбасылық дәрігерлер клиникасы"(28.03.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).
2. ҚР ДСМ "Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы" ШЖҚ РМК (04.01.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).
3. ҚР ДСМ "Республикалық қан орталығы" ШЖҚ РМК (23.02.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).
4. Ақмола облысы ДСБ "Облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК (13.02.2023ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).
5. Жамбыл облысы әкімдігінің ДСБ "Жамбыл облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК (23.02.2023 Ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В

вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

6. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің ДСБ "Облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК (20.02.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

7. Абай облысы ДСБ "Облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК (06.02.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

8. Шығыс Қазақстан облысының ДСБ "Шығыс Қазақстан облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК (15.02.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

9. Атырау облысы ДСБ "Атырау облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК (17.02.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

10. Қарағанды облысы әкімдігінің ДСБ "Облыстық қан орталығы" МҚК (20.01.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

11. Алматы облысы ДСБ "Облыстық қан орталығы" ШЖҚ МҚК Қаскелең филиалы (01.02.2023 ж. "Қазақстан Республикасында созылмалы В вирустық гепатитін анықтау жолдары" әдістемелік ұсынымдарын енгізу актісі).

### **Жарияланымдар**

Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде:

– Web of Science және Scopus базаларында индекстелген журналдардағы 2 мақала.

1. Saussakova S, Dauletova G, Nakipov Z, Sarsenbayeva G, Duisekova S, Sadibekova Z, Raissova K, Turgambayeva A. Health-Related Quality of Life in Patients with Chronic Hepatitis B: A Meta-Analysis of Observational Studies. *Iran J Public Health*. 2023;52(3):453-462.

2. Savchuk T, Grinvald Y, Ali M, Sepetiene R, Saussakova S, Zhangazieva K, Imashpayev D, Abdrakhmanova S. Antibodies to Hepatitis B core antigen prevalence study in Kazakhstan. *Immun Inflamm Dis*. 2023 Mar;11(3):e793. doi: 10.1002/iid3.793. PMID: 36988253; PMCID: PMC10042129.

– ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы 3 мақала:

1. Turgambayeva A.K., Saussakova S.B., Imashpayev D.M., Tebenova K.S., Asselah T. Evaluation of awareness of beauty employees about Hepatitis B virus infection. *Ғылым және Денсаулық сақтау*. 2022; 3(24): 88-94 бет. doi: 10.34689/SH.2022.24.3.012

2. Saniya Saussakova, Assiya Turgambayeva, Gaukhar Dauletova, Tarik Asselah. Management of Chronic Hepatitis B patients: HBsAg Kinetics. *Journal of Health Development*. 2022; 3(48): 44-50. doi:10.32921/2225-9929-2022-3-48-37-44

3. Saussakova S.B., Turgambayeva A.K., Nakipov Zh., Dauletova G., Tebenova

K. Retrospective analysis of characteristics of patients with chronic hepatitis B. Ғылым және Денсаулық сақтау. 2023; 1(25): 86-93 бет. doi: 10.34689/SH.2023.25.1.011

–Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарындағы 6 тезис:

1. Саусакова С.Б., Голубев В.В., Накипов Ж.Б. Созылмалы В гепатитінің проблемасы және оны Қазақстанда шешудің жаңа жолдары. Студенттер мен жас ғалымдарға арналған "Сақтандыру медицинасы. Ғылым. Білім беру" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы тезистерінің жинағы, 21-22.12.2020, Қазақстан, Нұр-Сұлтан, "АМУ" КЕАҚ, 120-бет.

2. Саусакова С.Б., Евдокимова Е-М.П., Накипов Ж.Б. Халықтың декреттелген тобы арасында В вирустық гепатитін азайту жөніндегі шаралар. Студенттер мен жас ғалымдарға арналған "Сақтандыру медицинасы. Ғылым. Білім беру" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы тезистерінің жинағы, 21-22.12.2020, Қазақстан, Нұр-Сұлтан, "АМУ" КЕАҚ, 121-бет.

3. Saniya Saussakova, Assiya Turgambayeva. Patients with chronic hepatitis B: what is their a health-related quality of life? "Modern science. Management and Standards scientific research. Заманауи ғылым. Ғылыми зерттеулерді басқару және стандарттары" III онлайн-конференциясы тезистерінің жинағы, Прага, 2021 жылғы 22-23 сәуір, 15-бет.

4. С.Б.Саусакова. Созылмалы В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасы және оны жақсарту мүмкіндіктері (баяндама). Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы тезистерінің жинағы, 09-10.12.2021, Қазақстан, Нұр-Сұлтан, "АМУ" КЕАҚ, 26-27 беттер.

5. Saussakova SB, Turgambayeva AK. Quality of Life in Chronic Hepatitis B Patients (с докладом). Book Abstract of the 5<sup>th</sup> Global Public Health conference—GLOBENEAL 2022 «Future of Global Health in a changing world» (Shri-Lanka, 2022 – 24<sup>th</sup> – 25<sup>th</sup> February 2022) 50-бет.

6. Saussakova SB and Turgambayeva AK. Characteristics of Patients with Chronic Hepatitis B in Kazakhstan: A Retrospective Study (с докладом). Book Abstract of the 6<sup>th</sup> Global Pubic Health Conference – GLOBENEAL 2023 «Building Bridges for Future Public Health Preparedness and Response» (Shri-Lanka, 2023 – 23<sup>rd</sup>-25<sup>th</sup> February). 34-бет

- "Қазақстан Республикасында созылмалы В гепатитін анықтау жолдары" 1 әдістемелік ұсынымдар ("Салидат Қайырбекова атындағы ДСДҰҒО" ШЖК РМК сараптама тобы отырысының 17.11.2022 ж. №335 хаттамасы);

- авторлық құқық объектісіне меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы 2 куәлік: 10.10.2022 ж. №31083, 24.01.2023 ж. №31988.

### **Нәтижелер:**

1. Созылмалы вирустық В гепатиті бар пациенттердің медициналық-әлеуметтік мінездемесі келесідей: 18-83 жас аралығындағы орташа жасы 48 жасты құрады, неке құрған (75,31%), жоғары білімі бар (58,16%), еңбек қызметімен айналысады (57,32%), пациенттердің 8,78% медицина қызметкерлері болып шықты. Пациенттердің көпшілігі анамнезде

стоматологиялық емдеу (90%), хирургиялық операциялар (59,83%), атап айтқанда аппендэктомия (20%) және гинекологиялық араласу (32,17%) болғанын көрсетті. 26,8% және 23,43% пациенттер сәйкесінше косметикалық емшаралардан өткен және балалық шақта А вирустық гепатитімен ауырған.

Созылмалы вирустық В гепатиті бар науқастардың көпшілігінің анамнезінде тыныс алу және ас қорыту органдарының аурулары анықталды: созылмалы холецистит (30,96%), созылмалы панкреатит (15,48%), созылмалы гастрит (11,29%), созылмалы бронхит (7,11%).

Созылмалы вирустық В гепатиті бар пациенттерде қатар жүретін аурулар 40 жастағы және одан үлкен пациенттерде жастың ұлғаюымен корреляциялық байланысқа түседі ( $p < 0,001$ ).

2. Созылмалы вирустық В гепатитімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасы емдеу процесінде жынысы мен жасына байланысты болмайтыны анықталды ( $p > 0,05$ ). Жалпы өмір сапасының физикалық 37,6 балл және менталдық 35,6 балл психикалық компоненттерінде бұзушылықтар анықталды.

Денсаулықтың жалпы индексінің төмендейтіні анықталды ( $p < 0,05$ ): қозғалғыштық 3,1 балға нашарлайды, өзіне-өзі қызмет көрсетуі 2,08 балға нашарлайды, күнделікті белсенділік 2,92 балға нашарлайды, ауырсыну-мазасыздану 2,67 балға нашарлайды, депрессияға бейімділік 2,3 балл деңгейінде.

Жекелеген домендер бойынша пациенттердің өмір сүру сапасының өзгеруі созылмалы вирустық В гепатитімен ауыру мерзіміне қарай ерекшеленді.

Өмір сапасы индексінің көрсеткіші (ВАШ) вирусқа қарсы терапияның әртүрлі түрлерімен емделген науқастарда әр түрлі болды: интерферонмен емделген пациенттерде  $62,5 \pm 5,35$  балл, құрамдастырылған терапияны қабылдағанда  $54,39 \pm 12,31$  балл, тенофовир -  $51,15 \pm 14,07$  балл құрады.

Емдеу процесінде әртүрлі әлеуметтік мәртебесі бар пациенттерді зерттеу арқылы әртүрлі көрсеткіштер (ВАШ) анықталды. Жалпы денсаулық индексінің ең жоғары көрсеткіші студенттерде  $57,5 \pm 11,37$  балл, жұмыс істейтін пациенттерде  $54,93 \pm 12,39$  балл, жұмыссыздарда  $48,33 \pm 15,96$  балл, зейнеткерлерде  $45,34 \pm 13,36$  балл екені байқалды.

Кірістер ( $p = 0,345$ ) мен емдеу ұзақтығы ( $p = 0,337$ ) пациенттердің өмір сүру сапасы болашақта қалай өзгертінін болжауға көмектесе алмайды.

3. Вирусқа қарсы озық технологиялық терапия препараттарын қолданған жағдайда емдеу тиімділігі құнының бастапқы мәні QALY үшін 2000 доллардан асады.

Созылмалы вирустық В гепатиті терапиясының салыстырмалы тиімділігін талдау кезінде тенофовир мен интерферонды ұштастырып емдеудің тиімділігі басқа дәрілік заттармен салыстырғанда жоғары екенін атап өтуге болады.

Бұл емдеу стратегиясының экономикалық құны 1 пациентке шаққанда 9218,82 долларды құрайды.

Созылмалы вирустық В гепатитін емдеудің әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы мемлекет бюджетіне тым қымбатқа түседі. Емдеудің шығындары аз стратегиясы емдеуге 2000 доллар бюджет бөлу болып табылады. Бірақ құны



2000 доллардан асатын озық технологиялық емдеу әдістерін (тенофовир, интерферон қолдану) қолданғанда емдеу тиімділігі жоғары болатыны байқалады.

4. Созылмалы вирустық В гепатиті бар науқастардың өмір сүру сапасын бағалаудың заманауи тәсілдері олардың әл-ауқатын кешенді жақсартуға бағытталған. Бұл тәсілдер практикалық ұсыныстарды қамтиды және пациенттердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, ауруды анықтаудың инновациялық әдістерін, ерте диагностиканы және жекелендірілген қолдау жоспарларын біріктірудің маңыздылығын көрсетеді, бұл олардың өмір сүру сапасын жақсартуға және аурумен байланысты әлеуметтік және экономикалық ауыртпалықтарды азайтуға ықпал етеді.

#### ***Практикалық ұсынымдар***

1. Біздің зерттеуден алған нәтижелеріміз бен тұжырымдарымызды пациенттерді емдеуге арналған бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау кезінде, В вирустық гепатитін диагностикалау мен тестілеуді жетілдіру үшін денсаулық сақтау менеджерлері пайдалана алады.

2. Созылмалы В вирустық гепатитімен ауыратын пациенттерді толық есепке алу және тиімді еммен қамтуға қол жеткізу үшін вирустық гепатитпен ауыратын пациенттердің ұлттық тіркелімімен жұмысты жалғастыру ұсынылады. Осы жоба аясында емдеу тиімділігіне мониторинг жүргізу және цирроз және бауырдың қатерлі ісігі сияқты асқынуларды уақтылы анықтау механизмдерін қоса алғанда, тіркелім мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Сонымен қатар тіркелім созылмалы вирустық В гепатитін емдеу мен алдын алудың ғылыми негізделген стратегияларын жасауға көмектесетін зерттеулер мен деректерді талдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

3. Вирустық гепатит бойынша алдын алу іс-шараларын жетілдіру үшін 2023-2027 жылдарға арналған Вирустық гепатиттің алдын алу, диагностикалау, емдеу және салдарына жол бермеу жөніндегі жол картасын әзірлеуді жалғастыру қажет. Бұл вирустық гепатиттің таралуын бақылауды жақсартады және болашақта аурулардың санын азайтады. Жол картасын әзірлеу аясында келесі мәселелерге назар аудару қажет:

- *Вирустық гепатиттің алдын алу, диагностикалау және емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу.* Бұл қолданыстағы тестілерді жетілдіруден, жаңа препараттар мен емдеу технологияларын жасақтаудан және ауруды ертерек анықтау бағдарламаларын әзірлеуден тұруы мүмкін.

- *Медицина персоналы мен халыққа арналған білім беру бағдарламаларын жақсарту.* Бұл вирустық гепатит туралы хабардарлық деңгейін арттыруға, ауруды ертерек анықтауға және пациенттердің стигматизациясын азайтуға көмектеседі.

- *Вирустық гепатиттің таралуының алдын алу іс-шараларын әзірлеу.* Вирустық гепатиттің таралуының алдын алу бағдарламасына денсаулық сақтау, жыныстық қарым-қатынастар, салауатты өмір салты сияқты өмірдің әртүрлі салаларында инфекция қаупін азайту шараларын, сондай-ақ тәуекел топтарының әлеуметтік осалдығын төмендетуге бағытталған шараларды енгізу.

- Профилактикалық іс-шараларға мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалауды жетілдіру. Ауруларды тиісті есепке алу, емдеу және алдын алу сапасына мониторинг жүргізу, бағдарламалардың тиімділігін бағалау, емдеу нәтижелерін және пациенттердің өмір сүру сапасын бағалауды қоса алғанда, профилактикалық іс-шаралардың тиімділігіне мониторинг жасау және бағалау тетіктерін әзірлеу.

- Гепатолог-дәрігерлерге және жалпы дәрігерлерге созылмалы вирустық гепатитті диагностикалау және емдеу бойынша консультациялық көмек көрсететін вирустық гепатиттің сараптамалық орталықтарының желісін құру. Осы ауруға шалдыққан пациенттерге медициналық көмек беру сапасын жақсартудағы маңызды қадам болып табылады. Бұл сараптамалық орталықтарды ұлттық және аймақтық деңгейлерде ұйымдастыруға болады және олар қызметтерін қашықтан немесе жергілікті медициналық мекемелерде көрсететін болады. Оларда гепатология, иммунология, молекулалық биология және басқа да ұқсас салалардағы біліктілігі жоғары мамандар жұмыс істеп, сонымен қатар заманауи диагностикалық және емдік әдістерге қол жеткізе алуы тиіс. Мұндай сараптамалық орталықтардың жұмысы созылмалы вирустық гепатитті ертерек анықтауға және тиімдірек емдеуге, сондай-ақ осы саладағы дәрігерлердің құзыретін жақсартуға ықпал етеді.

4. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармаларына, гепатолог-дәрігерлерге физикалық және психологиялық жағдайды, ауырсыну деңгейін және әлеуметтік қолдауды қамтитын мамандандырылған сауалнамаларды әзірлеу және енгізу ұсынылады. Пациенттермен және сарапшылармен сұхбат жүргізу, сондай-ақ өмір сүру сапасын жүйелі бақылау үшін онлайн-платформа құру пациенттерді Медициналық және әлеуметтік қолдаудың қажеттіліктері мен тиімділігін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді. Бұл шаралар пациенттердің осы тобының өмір сүру сапасын жақсартуға және оларға қажетті көмекті мақсатты түрде ұсынуға ықпал етуі мүмкін.

5. В вирустық гепатиті бойынша эпидемиологиялық ахуалды жақсарту үшін тәуекел топтарында және жұқтыруы мүмкін адамдар арасында вакцинацияны күшейту қажет. Ол үшін халық арасында В гепатитіне қарсы вакцина алудың маңыздылығы туралы ақпарат беру жұмысын мақсатты түрде жүргізу, сырқаттану жағдайлары көп тіркелген аудандарда тегін вакцина салу науқандарын ұйымдастыру, сондай-ақ медициналық мекемелерде вакциналардың жеткілікті болуын қамтамасыз ету қажет.

6. Гепатолог-дәрігерлер созылмалы В вирустық гепатиті бар пациенттерге жүйелі мониторинг жүргізіп, оның ішінде жүйелі тексерулер мен вирустық жүктеме деңгейіне мониторинг жүргізіп, пациенттердің жағдайын жеке бағалап, олардың жай-күйі мен қажеттіліктерінің ерекшеліктерін ескере отырып, емдеудің оңтайлы жоспарын әзірлеуі, пациенттердің өмір сүру сапасының физикалық, сонымен қатар психикалық аспектілерін де назарға алуы, пациенттердің өмір сүру сапасын тұрақты бағалау үшін бекітілген сауалнамаларды пайдалануы тиіс. Сонымен қатар пациенттердің ауруға байланысты эмоциялық және психологиялық қиындықтарды жеңуіне көмектесу

үшін психологтардың, әлеуметтік кеңесшілердің және басқа мамандардың қолдауын ұйымдастырудың маңызы зор.

7. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармалары вирустық гепатиттің алдын алу, диагностикалау және емдеу жөніндегі ұлттық стратегияның тиімділігіне мониторинг және бағалау жүйесін әзірлеп, енгізуі тиіс.

#### **Диссертацияның көлемі мен құрылымы**

Диссертациялық жұмыс 109 беттен тұрады, келесі тараулардан тұрады: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, өз зерттеулерінің теориялық және практикалық бөліктері (5 бөлім), қорытынды, практикалық ұсыныстар. Жұмыста 29 кесте, 28 сурет, 6 қосымша бар. Пайдаланылған дереккөздер тізімінде 165 дереккөз бар, оның 145-і ағылшын тілінде.